



**Автор:** Арин Кенжегүл Арин

**Пән:** Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар/Информатика

**Сынып:** 8-сынып

**Бөлім:** Денсаулық және қауіпсіздік

**Тақырып:** Компьютер пайдаланудың кері аспектілері

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	8.4.1.1 адам ағзасына түрлі электронды құрылғылардың әсері туралы мысал келтіру және қорғану тәсілдерін тиімді қолдану.
Сабақтың мақсаты:	<input type="checkbox"/> Барлық оқушылар: техника қауіпсіздігі ережелерін бұзу кезінде өзінің денсаулығына зиян салдарын анықтайды. <input type="checkbox"/> Оқушылардың басым бөлігі: компьютермен жұмыс кезінде техника қауіпсіздігі ережелерін қолдану екендігін түсінеді. <input type="checkbox"/> Кейбір оқушылар: жұмыс кезінде, жұмыстан кейін, кабинетте жұмыс алдында ережелерді сақтайды
Тілдік мақсаттар:	Оқушылар істей алады: дұрыс сымбаттылық мәселесінің маңыздылығын талқылауды (сөйлеу дағдысы мен тыңдау) денсаулығын сақтап қалуға көмектесетін жаттығулар кешенін суреттеуге (жазу дағдысы) Пәндік лексика мен терминология Көру нашарлауы, сымбатының бұзылуы, сіңір созылуы, денсаулық пен қауіпсіздік, қауіп Білек, мойын, қол, арқа, иық, омыртқа, іш, буындар Қатайту, созу, бойынеркінұстау, баурау. Ауыз екі сөйлесуге/жазуға пайдалы сөйлем қатары (сіңір созылуының жарақаттық сипатының созылмалылығынан, көздің шаршаңқылығы/ширыққандығы) қашып құтылу үшін алдымен ....., сонан соң ..... қажет. Сымбаттылықты жақсарту үшін сіз біріншіден.....көзжеткізуіңіз, сонан соң ..... Қауіпсіздікті сақтау .....тәуелді.
Күтілетін нәтиже:	Электрмагнитті сәулелердің адам ағзасына әсерін білу; Компьютер экранының электрмагнитті сәулелерінің зиянын түсіну Компьютер пайдаланудың адам ағзасына кері әсерін болдырмаудың жолының ережелерін сақтау.
Бағалау критерийлері:	<input type="checkbox"/> техника қауіпсіздігі ережелерін біледі және айтады: <input type="checkbox"/> жұмыс кезінде, жұмыстан кейін, кабинетте жұмыс алдында ережелерді сақтайды <input type="checkbox"/> техника қауіпсіздігі ережелерін бұзу кезінде себептер мен салдарының өзінің денсаулығы үшін салдарын айқындайды; <input type="checkbox"/> компьютермен жұмыс кезінде техника қауіпсіздігі ережелерін қолданады.
Құндылықтарды дарыту:	- Өзара түсіністік, өзара сыйластық, академиялық адалдық - Тапсырманы орындауда өзара келісім, жұптық (топтық) жұмыс кезінде бір-біріне деген құрмет.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	интерективті тақта, компьютер
Пәнаралық байланыс:	Адам анатомиясы, адам сүлдесі. Физика (электр құралдары мен электрмагниттік сәуле шығару)
Бастапқы білім:	есептеу техникасының қауіпсіздік ережесін біледі

### Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
-----------------	------------------------	-----------

<p>Сабақтың басы (5-минут)</p>	<p>Оқушылармен сәлемдесу, түгелдеу. Ынтымақтастық атмосферасын құрамын. «Екі жұлдыз, бір тілек» тренингін жасау арқылы оқушылардың жақсы көңіл – күйлерін, сыныптың ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру. Барлығын ортаға шығып шеңбер құру. Мен және оқушылар бір – бірімізге допты лақтыру арқылы өз ұсыныстарымыз бен тілектерімізді білдіргізу Оқушылардың мұндағы мақсаты жақсы тілектер арқылы өз жұптарын тауып, бір топ болып құралу. Оқушылардың өткен тақырыпты «Ой қозғау» әдісі арқылы пысықтаймын 1. Ақпатар тасмалдаушы дегеніміз не? 2. Қарапайым өткізгіштік қабілеті қандай өлшем бірлікпен өлшенеді? «Миға шабуыл» әдісі арқылы жаңа тақырыпқа кіру Компьютер пайдаланудың кері аспектілерінде қандай маңыздылығы орындалады? Сабақтың басталуы. Суреттерге қарап, сабақтың тақырыбы мен мақсатын айтыңдар. Оқушылар сабақ тақырыбын атайды: Денсаулығын жәнетехника қауіпсіздігі ережесін сақтау. Техника қауіпсіздігін сақтау туралы видео көруге береміз <a href="http://bilimland.kz/ru/#lesson=16720">http://bilimland.kz/ru/#lesson=16720</a> Егер сіз техника қауіпсіздігін сақтамаған жағдайда, қандай ауруларға шағылысамыз не болады? Оқушылар сабақтың міндеті мен мақсатын атайды: Бүгін біз техника қауіпсіздігі ережелерін сақтамағанның қандай салдар болатынын білетін боламыз. Біз қауіпсіздік туралы айтамыз. Компьютермен жұмыс кезінде өзінің жұмысын қалай дұрыс ұйымдастыру керек. . Информатика оқулығын ашыңдар. 33 беттегі КЕСТЕДЕН ТАҚЫРЫПҚА қатысты сөздерді тауып дәптерлеріңе жазыңдар. Түйінді сөздерді қолданып, жұптасып диалог құрастырыңдар. Жұптасып диалог құрастырады. Диалог нәтижесі бойынша қорытынды жасаймыз.</p>	<p>Жаттығулар көрсетілімі немесе видео материалдар</p> <p><a href="http://bilimland.kz/ru/#lesson=16720">http://bilimland.kz/ru/#lesson=16720</a></p>
------------------------------------	--	---

Сабақтың ортасы	<p>Жаңа сабақты түсіндіру: сабақ мақсатымен тапсырмалармен және критерийлерімен танысу Ойланып, бөлініңдер: Суретің қандай сұраққа жауап береді? - Компьютермен жұмыс кезінде не істеуге болмайды? - Компьютер бізге қалай ықпал етеді - қауіпсіздік техникасын бұзу; - Компьютердің зиянды ықпалынан қорғану үшін не істеу керек? Топтарға жаңа тақырып бойынша Кітаппен жұмыс атқару үшін әр топқа кітаптағы тапсырмалармен жұмыс істеуді тапсыру. Берілген тапсырманы уақытылы орындау, сұрақтарға нақты жауап беру. Кітаптағы тапсырмаларды топпен біргіп жұмыс істейді, талқылайды, зерттейді. Оқулықпен жұмыс жасаймыз №1 топқа тапсырма. Жалпы қауіпсіздікке қойылатын жалпы талаптар қандай ? (суретпен, сызбамен қорғау) №2 топқа тапсырма. Апат жағдайындағы қауіпсіздік талаптар . ( топтастыру, оқушылар акт тақтаға жазады ) №3 топқа тапсырма. Алғашқы медициналық көмек көрсету. (Флипчартқа өз ойларын жазып пікірлесу) Мұғалім үшін нұсқаулықтар: Жоғары деңгей дағдысы: сараптау және бағалау Алдын ала сыныптағы оқушылар санына сәйкес суреттерді басып алыңыз (мысалы: 12 сурет). Сабаққа дейін кабинетте суреттерді жасырып қойыңыз. Оқушыларсуреттер тақырыбына сәйкес келетін сұрақтарды таңдау үшін, сұрақтардайындаңыз (сурет бойынша): - Компьютермен жұмыс кезінде не істеугеболмайды? - Компьютер бізге қалай ықпал етеді - қауіпсіздік техникасынбұзу; - Компьютердің зиянды ықпалынан қорғану үшін не істеу керек?Оқушылар әрекеті Кабинетте суреттерді тауып, топқа бөлінеді. (У) «Сенмаған, мен саған» тапсырмасы Сонымен, біз үш топқа бөліндік. Топта бір-біріңмен бөлісіп, суретте не бейнеленгенін көрсетіңіз және неге оны осы топқа айқындағаныңыз туралы айтып беріңіз. Мұғалім үшін нұсқаулық: бұл тапсырма сөйлеу дағдысын дамыту үшін бағытталған. Бұл тапсырмаға 3 минут уақыт беріңіз. 2 тапсырма «Постер құрастыру» (Г) Топтар суреттерін, түрлі түсті қарындаштар мен фломастерлер пайдалана отырып постер құрастырады 8 сынып оқулығының 31 бетіндегі материалды пайдаланыңыз (көз үшін жаттығулар мен қол буындары үшін жаттығулар) - Компьютермен жұмыс кезінде не істеуге болмайды? - Компьютер бізге қалай ықпал етеді - қауіпсіздік техникасын бұзу; - Компьютердің зиянды ықпалынан қорғану үшін не істеу керек? * Қосымша тапсырма Егер адам тәулігіне 3 сағат компьютер алдында уақытын өткізетін болса, онда сіз жылына, айына, аптасына қанша уақыт компьютер алдында өткізетініңізді есептеңіз. Формативтік бағалауды орындау Мұғалім үшін нұсқаулық Формативтік бағалаудың бір түрін ұсынуға болады: 1) Компьютерде BILIMLAND <a href="http://bilimland.kz/ru/#lesson=16720">http://bilimland.kz/ru/#lesson=16720</a> ресурсынан 2,3 жаттығуларды орындауға болады. 2) Қағазға екі сұрақты басып шығарып, жазбаша түрде формативтік бағалауды жүргізуге болады. (У) Сонымен біз бүгін компьютермен жұмыс істеу кезінде өзіне қалай зиян келтірмеу? туралы білдік.</p>	<p>Слайд 1-2</p> <p>Сергіту сәті</p> <p>Сұрақ парақшалары.</p> <p>Оқулық, 8-сынып информатика арман пв баспасы дәптерлер.</p>
Сабақтың соңы	<p>Оқушылар бүгінгі сабақтан алған әсерлерімен бөліседі.</p> <p>Стикерде өздеріңіздің бүгін қалай жұмыс істегеніңіз туралы сурет салып беріңіз:</p> <p>Үйге тапсырма</p> <p>8 сынып Информатика оқулығының 30-34 бетін оқу.</p> <p>- Отбасы мүшелерін байқап көр: олар компьютермен жұмыс кезінде дене мен көз үшін жатығулар жасай ма?</p>	
Рефлексия	<p>сабақты қорытындылау.</p> <p>2 жұлдыз 1 тілек</p>	